

Каспий өңірінің қазіргі замандағы жоғары колледжі



**Мемлекет және құқық
теориясы қоғамдық
ғылым ретінде**

Атырау - 2019жыл

Мемлекет және құқық теориясы



**Мемлекет пен құқықтың жалпы
заңдылықтары туралы, олардың мәні,
мақсаты және қоғамдағы дамуы
туралы жалпыланған білімдер жүйесі**

Әдіс дегеніміз – бұл пәнді түсінуге мүмкіндік беретін тәсілдер мен бағыттардың жиынтығы. Мемлекет және құқық теориясы өз пәнін зерттеу үшін көптеген әдістерді қолданады

Жалпы әдістер – ойлаудың кешенді қағидаларын көрсететін философиялық, дүниетанымдық бағыттар. Оларға мыналар жатады:



а) Метафизика.

Ол мемлекет пен құқықты мәңгілік және өзгермейтін институттар ретінде қарастырады



ә) Диалектика.

Өз ішінде материалистік және идеалистік болып бөлінеді

Жалпы ғылыми әдістер – жалпы әдістер сияқты бүкіл ғылыми танымды толығымен қамтымайды, оның жекелеген кезеңдерінде ғана қолданылады. Оларға мыналар

жатады:



а) талдау – күрделі мемлекеттік-құқықтық құбылысты шартты түрде жекелеген бөліктерге бөлу;



ә) синтез – құбылысты оның құрамдас бөліктерін шартты түрде біріктіре отырып зерттеу;



б) жүйелік әдіс – объектінің тұтастығын ашуға, ондағы әртүрлі байланыс түрлерін анықтауға бағытталады;



в) функционалды әдіс – бір әлеуметтік құбылыстардың екіншілеріне қатысты функцияларын анықтауға бағыттайды.

**Өз жиынтығында ғылым жүйесін
құрайтын ғылыми пәндерді шартты
түрде үш топқа бөлуге болады:**

- 1. Техникалық ғылымдар;**
- 2. Жаратылыстану ғылымдары;**
- 3. Гуманитарлық ғылымдар.**

Саяси қоғамдық ғылым ретінде мемлекеттің саясат саласын мемлекеттің билік қызметіне байланысты қоғамдық құбылыстар мен процестерді зерттейді.

Қоғамдық ғылым ретінде мемлекет және құқық теориясы қоғамдық құбылыстарды құрайтын пән болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының негізгі ерекшелігі мынада

Жалпы теориялық ғылым ретінде мемлекет және құқықтың ерекше және жалпы заңдылығын және белгілерін зерттейді.

Методологиялық ғылым ретінде мемлекеттік құқықтық қондырманың жалпы заңдылығын түсіндіреді.

Мемлекет және құқық теориясы бірнеше арнаулы қызметті атқарады

Онтологиялық қызметі. Бұл қызмет арқылы мемлекет пен құқықтың қалай пайда болғанын, қазіргі даму дәрежесін анықтайды.

Эвристикалық қызметі. Мемлекет және құқық теориясы тек мемлекет пен құқық ұғымдарының белгілі заңдылықтарын ашып қана қоймай, қоғам өміріндегі пайда болған жаңа заңдылықтарды зерттейді

Гносеологиялық қызметі (таным қызметі). Мемлекет пен құқық теориясы бұл қызметті атқара отырып, көптеген таным әдістері мен тәсілдерін жасайды

Методологиялық қызметі. Мемлекет және құқық теориясының ғылыми-таным әдістерін творчестволық түрде басқа заң ғылымдары салаларында пайдаланады

Әлеуметтік - колданбалы қызметі. Мемлекеттік - құқықтық құбылыстар мен процестердің қалай дамитындығын көрсетеді

Жұмысты қорытындылай келе Заң ғылымдарының арасында мемлекет және құқық теориясы ерекше орын алады.

Адам қоғамның тарихын, даму процесін, мазмұнын, болашағын зерттейтін ғылымдарды қоғамдық ғылым дейміз.

Мемлекет және құқық теориясы – базалық пән, соның ішінде міндетті компонент.

Мемлекет және құқық теориясы қоғам және мемлекет туралы күрделі де біртұтас білімдер жүйесінің

маңызды компоненттерінің бірі ретінде өмір сүріп әлі күнге дейін дамып келеді.

Назарларыңызға
рахмет!!!

